

**Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Пәкстан Ислам Республикасының Қоршаған орта министрлігі арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 1264 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Пәкстан Ислам Республикасының Қоршаған орта министрлігі арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

**Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Пәкстан Ислам Республикасының Қоршаған орта министрлігі арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы**

**ынтымақтастық туралы**

**Келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Пәкстан Ислам Республикасының Қоршаған орта министрлігі,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қагидаттарына адалдығын растай отырып,

екі мемлекет арасындағы достық қатынастарды және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуді ескере отырып,

казіргі және келешек ұрпақтар алдындағы экологиялық бұліншіліктер мен апаттардың, табиғи орта тозуының алдын алу мен экологиялық зиянсыз өмір сұру аймағын құру жөніндегі өз жауапкершіліктерін түйсіне отырып,

Қазақстан Республикасының және Пәкстан Ислам Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұлттық заннамасын назарға ала отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Тараптар қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заннамасына сәйкес нақты ынтымақтастық бағдарламаларын қабылдау жолымен тендік пен өзара тиімділік негізінде жүзеге асыратын болады.

## **2-бап**

Ынтымақтастық мынадай негізгі салаларда жүзеге асырылады:

атмосфера мен топырақты ластанудан қорғау;

су жүйелерін зерттеу, ұтымды пайдалану, қорғау және күзету;

ұлттық парктердің рекреациялық пайдаланылуын реттеу;

қоршаған табиғи ортаны радиациялық ластанудан қорғау;

биологиялық әртүрлілікті сақтау, сирек кездесетін және жойылу қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктер түрлерін, олардың тіршілік орнын зерделеу және құтқару жобаларын әзірлеу әрі жүзеге асыру;

топырақты қорғау және жер ресурстарын ұтымды пайдалану;

орманды қорғау, күзету және орман ресурстарын ұтымды пайдалану;

қоршаған орта ластануының экологиялық-генетикалық салдарын зерттеу;

қоршаған орта жай-күйінің мониторингі;

қоршаған орта ластануының климатқа әсері;

қалалар мен елді мекендердегі қоршаған ортаны жақсарту;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтық реттеу мен басқару мәселелері;

табиғи ресурстардың ұтымды пайдаланылуын және қорғалуын экономикалық ре т т е у ;

қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастырудың негізі ретінде экологиялық б ілім б е р у д і д а м ы т у ;

экологиялық сараптау, экологиялық болжамдау мен жобалаудың әдіснамалық тұрғылары ;

қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы тиісті нормативтік- әдістемелік құжаттамаға экологиялық нормативтер мен ережелерді әзірлеу.

## **3-бап**

Ынтымақтастық мынадай негізгі нысандарда жүзеге асырылады:

қоршаған ортаны қорғау және жақсарту жөніндегі шараларды бірлесе отырып іске а с ы р у ;

Тараптар мемлекеттерінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми-техникалық құжаттамасымен және ақпаратпен, сондай-ақ нормативтік құқықтық кесімдерімен алмасу.

## **4-бап**

Ынтымақтастық пен бірлескен жобаларды іске асырудың қаржылық шарттары Тараптардың бюджеттік мүмкіндіктері шеңберінде әрбір жекелеген жағдайда қарастырылады.

## **5-бап**

Ынтымақтастың нәтижелерін құқықтық қорғау және пайдалану мәселелері Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес шешіледі.

## **6-бап**

Осы Келісімнің ережелерін қолдану кезінде алынған ынтымақтастық нәтижелері үшінші мемлекеттерге, олардың заңды немесе жеке тұлғаларына Тараптардың жазбаша келісімімен ғана берілуі мүмкін.

## **7-бап**

Осы Келісім олар қатысуышы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындаитын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **8-бап**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуімен осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **9-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар жолымен шешетін болады.

## **10-бап**

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап қүшіне енеді.

Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалды. Тараптардың ешқайсысы Келісім қолданылатын тиісті 5 жылдық кезеңнің аяқталуына алты ай қалғанда өзінің осы Келісімді тоқтату туралы ниетін жазбаша нысанда білдірмеген жағдайда, оның қолданылуы келесі 5 жылдық кезеңге ұзартылады.

2003 жылғы " \_\_\_\_\_" қаласында әрқайсысы қазақ, урду, ағылшын және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күши бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтініне жүгінетін болады.

*Қазақстан  
Республикасының  
Коршаған ортаны қорғау  
министрлігі үшін*

*Пәкістән  
Ислам Республикасының  
Коршаған орта*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК